

## Мұнай және газ орындарын игеру жөніндегі Орталық комиссия туралы

### *Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігі 1998 жыл 19 қазан N 200 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 5 қыркүйек N 636 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің 2001.03.21. N 70 бұйрығымен. ~V011465

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 22 шілдедегі P980686\_ қаулысымен бекітілген Энергетика, индустрия және сауда министрлігі туралы Ережеге сәйкес, Қазақстан Республикасы аумағындағы мұнай, газ және газ конденсаты орындарын игеру жөніндегі жобалық технологиялық құжаттарға талаптарды реттеу, мұнай және газ кен орындары мүмкіндіктерін игеру мен тиімді пайдалану жағдайын бақылау жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мақсатында бұйырамын:

1. Мұнай және газ кен орындарын игеру жөніндегі Орталық комиссиясы (ОИК) Энергетика, индустрия және сауда министрлігі жанында құрылсын.

2. ОИК-на мұнай, газ және газ конденсаты кен орындарын игеру жөніндегі технологиялық жобалық және нормативтік құжаттарды сараптау және бекіту, осы кен орындарын игеруді бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ мұнай және газ жер асты қойнауларын пайдалану құқықтары мен функциялары

жүктелсін.

3. ОИК-ның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдері мен нұсқаулары Қазақстан Республикасындағы барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің орындауы үшін, соның ішінде мұнай, газ және газ конденсаты кен орындарын игеруді жобалаумен жүзеге асырумен, мұнай және газ жер асты қойнауларын пайдаланумен айналысатын шетел субъектілері үшін міндетті болып табылады.

4. ОИК құрамы бекітілсін (қоса берілген).

5. Тәуелсіз сарапшылардың құрамы бекітілсін (қоса берілген).

6. ОИК туралы Ереже бекітілсін (қоса берілген).

7. Энергетика және табиғи ресурстар Министрлігінің 1997 жылғы 24 маусымдағы N 60

V970349\_

бұйрығы күшін жойған деп танылсын.

Министр

Қазақстан Республикасының  
Энергетика, индустрия және  
сауда Министрінің  
1998 жылғы 19 қазандағы N 200  
бұйрығымен бекітілген

Мұнай және газ кен орындарын игеру жөніндегі  
Орталық комиссияның құрамы туралы

1. Бозымбеков Қ.А. - Мұнай және газ департаментінің директоры,  
комиссия төрағасы;
2. Еламанов Б.Д. - ҚР Меминвесткомы Жер қойнауын пайдалану  
департаментінің директоры, комиссия  
төрағасының орынбасары;
3. Нұпов Қ.Ш. - Мұнай және газ департаменті директорының  
орынбасары, комиссия төрағасының  
орынбасары;

Комиссия мүшелері:

4. Сейдағалиев Ш.С. - Мұнай және газ департаментінің  
нормативтер және лицензиялау бөлімінің  
бастығы;
5. Ташметов А.Ж. - Мұнай және газ департаментінің газ рыногы  
бөлімінің бастығы;
6. Қарабалин Ұ.С. - "Қазақойл" ҰМҚ-ның Вице-президенті
7. Шағыров А.Б. - Төтенше жағдайларды, өнеркәсіпте  
жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді  
Мемлекеттік қадағалау  
және тау-кен қадағалау жөніндегі  
департаменттің мұнайгаз және химия  
өнеркәсібінде, геологияда қадағалау  
жөніндегі бөлімінің бастығы;
8. Өтеев Т. - Экология және табиғи ресурстар  
министрлігінің көмірсутегі шикізаты  
бөлімінің бастығы;
9. Сағынғалиев Т. - Геология және жер қойнауын қорғау  
комитеті Запастар жөніндегі Мемлекеттік

комиссияның көмірсутегі шикізаттар  
бөлімінің бастығы;

10. Нысанғалиев А. - "Каспимұнайгаз" институтының  
директоры
11. Герштанский О.С. - Мұнайгаз ҒЗЖИ-ның бас директоры
12. Досмұхамбетов М.Д. - "Қазақойл" ҰМК-ның геология жөніндегі  
бас менеджері;
13. Асқарова М.Т. - Мұнай және газ департаментінің бас  
маманы, комиссия хатшысы.

Қазақстан Республикасының

Энергетика, индустрия және  
сауда министрінің  
1998 жылғы 19 қазандағы  
N 200 бұйрығымен  
бекітілген

Тәуелсіз сарапшылардың құрамы:

1. Қуантаев Н.Е. - "Қазақстанкаспишельф" АҚ-ның  
вице-президенті;
2. Сисембаев К.Ж. - "Қазақойл" ҰМК-ның Техникалық саясат  
департаментінің бас технологы;
3. Просвирнов А.А. - Мұнайгаз ҒЗЖИ институты бас  
директорының орынбасары;
4. Нұғманов Я.Д. - "Геотекс" АҚ-ның даму жөніндегі

директоры;  
5. Бадоев Т.И. - "Алау" ЖШС-тың бас директоры

Қазақстан Республикасы

Энергетика, индустрия және  
сауда Министрінің  
1998 жылғы 19 қазандағы  
N 200 бұйрығымен  
БЕКІТІЛГЕН

Мұнай және газ кен орындарын игеру жөніндегі  
Орталық комиссия туралы

ЕРЕЖЕ

#### 1. Жалпы ережелер

1. Мұнай және газ кен орындарын игеру жөніндегі Орталық комиссия (келешекте ОИК) Энергетика, индустрия және сауда министрлігі (келешекте "Министрлік") жанындағы алқалы орган болып табылады.

2. Құзыретті орган атынан ОИК мұнай, газ, газконденсатты кен орындарын игеру, мұнаймен газды жер асты қойнауларын пайдалану, жобалық технологиялық құжаттар сапасын бақылауды жүзеге асырады.

3. ОИК өз жұмысында Қазақстан Республикасы заңдарын, "Қазақстан Республикасы Мұнай және газ кен орындарын игерудің бірыңғай ережелерін", Министрлік пен Мұнай және газ департаментінің бұйрықтары мен өкімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. ОИК құрамын Мұнай және газ департаменті директорының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі бекітеді. ОИК құрамына, келісім бойынша, мүдделі министрліктер мен ведомствалардың өкілдері кіреді.

5. ОИК қызметін ұйымдастыру, іс қағаздарын жүргізу, ОИК-тің материалдары мен құжаттарын жинау мен сақтауды Мұнай және газ департаментінің мұнай операцияларын нормативті реттеу және лицензиялау бөлімі жүзеге асырады.

## 2. Міндеттері

6. ОИК-ның негізгі міндеттері:

1) мұнай, газ және газконденсатты кен орындарын игеруді жобалау мен жүзеге асыру, мұнай жер асты қойнауларын пайдалану саласында Қазақстан Республикасы аумағында біртұтас мемлекеттік саясатты жүргізу;

2) республиканың мұнайгаз мүмкінділігін ұтымды пайдалану, келісім шарттар талаптары мен жер қойнауы мен қоршаған ортаны қорғау, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу мақсатында мұнай, газ және газконденсатты кен орындарын игеруге, мұнай мен газдың жер асты қойнауларының пайдалануына бақылау жасау;

3) Қазақстан Республикасы аумағында жобалау құжаттарына бірыңғай талаптарды әзірлеу мен орындау, мұнай, газ және газконденсатты кен орындарын игеру мен пайдаланудың ең тиімді әдістері мен технологиялары жобалар енгізуді қамтамасыз ету және оларды іске қосуға бақылау жасау болып табылады.

## 3. Қызметтері

7. Жүктелген міндеттерге сәйкес ОИК мыналарды жүзеге асырады:

1) мұнай алудың жаңа технологияларын, газ және газды конденсатты кен орындарын игеру, мұнай мен газ жер асты қойнауларын пайдалану жөніндегі жобалық технологиялық құжаттарды қолдана отырып, жер қойнауын пайдаланушылар ұсынатын жұмыс бағдарламаларын, сынама пайдалану, технологиялық схемалар, жобаларын мұнай кен орындарын игеру жобаларын, игерудің нақтыланған жобаларын, тәжірибе-өнеркәсіптік әзірлеу жобаларын міндетті толық сараптау және бекітуді;

2) ЗМК-да бекіту үшін мұнай, газ, конденсат алу коэффициентінің техникалық-экономикалық негіздемесінің сараптамасын;

3) жер қойнауын пайдаланушылардың мұнай, газ және газ конденсат кен орындарын игерудің ағымдағы жағдайы жөніндегі табыс еткен материалдары

мен есептерін талдауды және бағалауды;

4) мұнай, газ және газ конденсат кен орындарын игеруге қатысты материалдарды, сондай-ақ нормативтік-техникалық құжаттардың мазмұны, оларды ресімдеу және ЗМК-ға табыс ету тәртібі туралы ережелер мен нұсқаулар әзірлейді;

5) кен орындарын игеру саласында мәжілістер, семинарлар дайындауды және өткізуді ұйымдастыруды.

#### 4. Құқықтары

8. Жүктелген міндеттерге сәйкес ОИК мыналарға:

1) ОИК-ға табыс етілген материалдар бойынша тәуелсіз сараптама және дайындық жүргізу үшін ғылыми-зерттеу, өндірістік кәсіпорындардың, консалтингтік фирмалардың білікті мамандарын және қажет жағдайда шетел сарапшыларын тартуға (шартты негізде);

2) жерқойнауын пайдаланушылардан, ғылыми-зерттеу және жобалау ұйымдарынан қажетті жобалау, зерттеу және ғылыми тәжірибелік материалдар соның ішінде мыналарды алуға:

игеріліп жатқан және игеруге енгізуге жоспарланып отырған мұнай, газ және конденсат кендері мен кен орындарының жобалау-техникалық құжаттамалармен қамтамасыз етілуі туралы жыл сайынғы ақпаратты;

мұнай және газ кен орындары мен ғылыми тәжірибелік өндірістерді игеру барысы туралы жыл сайынғы есепті;

игерудің бекітілген технологиялық көрсеткіштерін ауытқулар орын алатын кендер мен кен орындары бойынша, негізгі себептері мен оларды жою жөніндегі шараларды көрсетіп жыл сайын түсіндірме жазбаны;

3) құзыретті органға мұнай және газ өндіру жөніндегі Келісім-шарттың ережелеріне түзетулер мен өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар енгізуге;

4) жер қойнауын пайдаланушының мұнай және газ кен орындарын игерудің Бірыңғай ережелерін және ОИК-мен бекітілген технологиялық жобалау құжаттарды бұзғаны анықталған жағдайда Құзыретті органға және басқа да тиісті ведомстволарға мұнай операцияларын кідірте тұру және тоқтату туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.

#### 5. Материалдарды қарау тәртібі

9. ОИК-ның жұмыс жоспарына енгізу үшін жер қойнауын пайдаланушылар технологиялық жобалау құжаттарын қарау жөніндегі өтінішті ОИК-ға материалдарды табыс ету мерзімінен 3 (үш) ай бұрын жібереді.

10. ОИК-ның жұмыс жоспарына енгізу үшін көмірсутегі шикізатын өндіруге лицензиясы бар (немесе барлау мен өндіруге қоса лицензиясы) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің Құзыретті органымен Келісім-шарт жасасқан жер қойнауын пайдаланушылардан технологиялық жобалау құжаттары, игерудің талдаулары және басқа да материалдар қабылданады.

11. Материалдар 5 данада және белгіленген нысандағы өтінішпен қоса беріледі (1-қосымша).

12. Сонымен қатар ОИК-ға технологиялық жобалау құжаттардың жер қойнауын қорғау, экологиялық, тау-кен-техникалық және санитарлық қадағалаудың орталық немесе жергілікті органдарымен келісу және сараптама материалдары табыс етіледі.

13. ОИК алынған жобалау құжаттарды қарап және белгіленген талаптарға сәйкес келсе оларды тәуелсіз сараптамадан өткізу үшін жібереді.

14. ОИК мына жағдайларда табыс етілген жобаларды қараудан бас тарта алады:

1) технологиялық құжаттарда қабылданған көмірсутегі запастары мұнай, газ және конденсаттың, жолай құрамдас бөліктерді қоса алғанда Мемлекеттік балансында бекітілген запастарына сәйкес келмесе;

2) табыс етілген материалдар Қазақстан Республикасының мұнай және газ кен орындарын игерудің Бірыңғай Ережелеріне, мұнай және газ кен орындарын игерудің технологиялық құжаттарын жасау жөніндегі белгіленген талаптарға сәйкес келмесе.

15. Сараптама қорытындысын алғаннан кейін жұмыс жоспарына сәйкес ОИК табыс етілген жобалау технологиялық құжаттарды қарайды. ОИК-ның шешімі отырыста қаралған күннен бастап 10 күнге дейін мерзімде хаттамамен ресімделеді.

16. ОИК-ның шешімдері отырыста қатысып отырған комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия отырыстары комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. ОИК-ның жалпы құрамының 50%-тен кем емесі комиссия отырыстарына қатынасса ол құқылы. Дауыстар теңдігінде төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

17. ОИК-ның сараптамалар мен қорытындылар өткізуге шығыстары, соның ішінде жоба бойынша функционалдық міндеттерді орындаумен байланысты ОИК-ның мүшелері мен сарапшыларының іс сапар шығындарын жер қойнауын пайдаланушылар өтейді.

18. Оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша ОИК-ның шешімдері мен нұсқаулары мұнай, газ және газ конденсат кен орындарын жобалаумен және игеруді жүзеге асырумен, мұнай және газдың жерасты қоймаларын

пайдаланумен айналысатын Қазақстан Республикасындағы барлық шаруашылық жүргізуші соның ішінде шетел субъектілері үшін орындауға міндетті.

## ОИК туралы Ережеге

### 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Энергетика,

индустрия және сауда министрлігінің  
мұнай және газ кен орындарын игеру  
жөніндегі Орталық Комиссиясы

ОИК-да технологиялық құжаттарды қарау үшін

### ӨТІНІШ

1. Жер қойнауын пайдаланушы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ берілген

(объектілер, пайдалану мерзімі)

2. Лицензия сериясы \_\_\_\_\_, N \_\_\_\_\_



Берілген күні \_\_\_\_\_

Беру мақсаты \_\_\_\_\_  
(өндіру, барлау мен өндіруді қоса)

3. \_\_\_\_\_ арасындағы  
(құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы)

жер қойнауын пайдалану үшін келісім-шарт \_\_\_\_\_ жасалды  
(күні)

Мемлекеттік тіркеу актісінің N \_\_\_\_\_, күні \_\_\_\_\_

4. Технологиялық құжаттың атауы \_\_\_\_\_

5. Техникалық құжатты әзірлеуші ұйымның атауы \_\_\_\_\_

Жобалау жұмыстарын жүргізу құқығы берілген Лицензияның  
(сертификаттың) нөмірі, күні, және мерзімі

Өтінішке технологиялық құжаттың 5 (бес) данасы қоса берілген.

Технологиялық құжатты ұсынушы  
кәсіпорын басшысының тегі, аты, әкесінің аты және қолы

М.О.

Оқығандар:

Багарова Ж.А.  
Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК